

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Ақпан айы 2024 жыл 2 апта
№3 «Құлыншақ» ортаңғы тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 12.02.2024	Сейсенбі 13.02.2024	Сәрсенб 14.02.2024	Бейсенбі 15.02.2024	Жұма 16.02.2024
Балаларды қабылдау	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Балаларды қоныраумен қарсы алу. Сылдырлатып қонырауын соғып кіріп, келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегін қандай әдемі т.б)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістіктері мен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жаксы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, жiтаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сюжеттi–ролдiк ойын: «Шафер» Әлеуметтік дағдылар	Ертегі тыңдау: «Көліктер» Картон театры арқылы сахыналау. Коммуникативтік дағдылар	Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық». Танымдық дағдылар	Сюжеттік рольдік ойын: «Аспазшы» Коммуникативтік дағдылар	Қимылды ойын: «түрлі-түсті машиналар» физикалық қасиеттерді дамыту
Танертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған танертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қықымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шама. салыстыру нәтижелерін ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа сөздерімен белгілеу.	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін	Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құттың шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулуды жалғастыру. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйретуді пысықтау.	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.

		қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.	қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: бұрылып, заттарды айналып жүру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру. Қимылды ойын: Қуыр-қуыр қуырмаш. Спорттық жаттығулар: Шамамен сырғанау. биік емес төбеден сырғанау Балалар таңдаған ертегіні құыршақ театры арқылы сахналату. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту. баяу сөйлеуін, жетілдіру (сөйлеуді дамыту) Көк, ақ негізгі түстерді қолданып ұшып жатқан қар ұлпаларын салуды	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: бұрылып, заттарды айналып жүру; Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, Тұрған орнында қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: Поезд «Не дәмді?» ертегісі айтып берумен сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту	Музыка Музыка тыңдау: Музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімінен тұратынын білуге және ажыратуға үйренеді. «Қысқы киімдер» кітаптардан суреттер қарату әңгімелесу... (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Фланелеграф тактасына әсем көлектерге оюлар жапсырып сәндеу (Жапсыру)	Қазақ тілі Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. «Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. Ертегіні тыңдағаннан соң кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыруды үйрету	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: бұрылып, заттарды айналып жүру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру. Қимылды ойын: Құстардың ұшып келуі Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету мүсіндеу

	үйрету. (Сурет салу) Таңдаған үй жануарына құрылыс материалдарынан өз бетінше үйшік құрастыру дағдысын жетілдіру (Құрастыру)			(математика негіздері)	
Серуенге дайындық	Кініз: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Маусымдық өзгерістерді бақылау Максаты: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қыс аяғындағы табиғат көріністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. Өлең жолдарындағы қыс көріністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Оңтүстіктен жел соқты. Ол езімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің	Терек ағашын бақылау Максаты: Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту; Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімелейді: Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді. Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсындар? Таза ауа ешқайдан келмейді.	Күн мен түн неге ауысады? Максаты: Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік беру. Бақылау барысы Балаларға жұмбақ жасыру Үлкен алтын табақтан, Өлемге нұр таратқан. (күн) Жартысы жадыратып нұр себеді, Жартысы кара мақпал бүркенеді. (түн) Орақ болып туады, Табақ болып тынады (ай) Күндіз білінбейді, Түнде дірілдейді (жұлдыз) Сендер қалай ойлайсындар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің	Бақылау: Паркке саяхат. Парктің әдемілігін адам денсаулығына пайдасын сезіну. Көктем мезгіліндегі ағаштардың әдемілігін сезіну, өзгерісін анықтау. Үлескедегі еңбек: Парктегі зат қалдықтарын жинап, бір жерге жинастыру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұқыптылыққа баулу, айналаны таза ұстауға үйрету. Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан», «Ағашын тап». Тапқырлыққа, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету. Жеке жұмыс: Ойша жұмбақтар құрату. Күн, бұлт, су, көктем, құстар туралы. Жан жақты болуға үйрету. Өзіндік іс – әрекет: Саябақта не байқағандарын айтып беру.	Бақылау: Құстың ұясын бақылау. Тал басында бір отау (Ұя) Балаларды құстың ұясын бұзбауға, оған қамқор болуға, жанашырлық жасауға үйрету. Үлескедегі еңбек: Жыра жүргізу. Күннің көзіне еріп жатқан қарлардан жыра арқылы жүргізу. Қимылды ойын: «Тақия тастамақ». Қимыл – іс әрекетін дамыту, аңғарымпаздылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Балалардың тілін дамыту. 1 дегенім – біреу, 2 дегенім – егеу, 3 дегенім – үсік, 4 дегенім – төсек Өзіндік іс – әрекет: құстың ұясын жасап үйрену.

шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күрткі қарлар аласара бастайды. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі) Балаларға сұрақтар Қыста неше ай бар? Қыс айларын ата? Қыстың ең соңғы айы қай ай? Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады? Мұз сүңгілері қайдан пайда болады? Зерттеу жұмысы Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою. Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру Еңбек Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу Мақсаты: достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Төбешіктен-төбешікке». Мақсаты: ұзындыққа	Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады. Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады. сол себептен бабаларымыз «Өмір жасынды ұзартқың келсе ағаш ең» деген. Ауыл маңы терек, Терек егу керек. Әсем биік теректер, Балаларды өбектер. Теректер қайда көбірек өседі? (қалада.) Қалада тағы басқа қандай ағаштар өседі? Ағаштар қалада не үшін керек? (ағаш жапырақтары көмір қышқыл газын өз бойына сіңіріп, таза ауа оңдеп шығарады)	айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады. Жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күн мен түннің ұзақтығы да ауысып отырады. Күн жылыған сайын түн қысқарып, күндізгі уақыт ұзарады. Балаларға сұрақтар. Жұлдыздар түнде қайда кетеді? (жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді) Күн неге батады? (жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.) Зерттеу жұмысы Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа). Еңбек Ойын алаңындағы қарды
---	---	--

	секіру дағдыларын қалыптастыру Жаттығу ойындары «Кім жылдам». Мақсаты: - Жылдам жүкіруге жаттықтыру; Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту. Халық болжамы: Мұзсұзгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ ас мол болады.	Теректің соңғы жапырақтары қашан ұшып түседі? (күз соңында.) Неге ағаш жапырақтары күзде түседі? (себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін) Зерттеу жұмысы Ауладағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдынып тұр. Кей ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.) Еңбек Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу. Мақсаты: кішкентайларға көмек көрсетуге деген ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Бәйге» Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге үйрету Жаттығу ойындары Бір аяқпен секіру Мақсаты: жоғары секіруге және жерге	сыртқа шығару. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет етуге, ойын шартын дұрыс орындауға дағдыландыру.. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту «Шығырыққа лақтыру». Мақсаты: мергендіктерін дамыту. Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.		
--	--	---	---	--	--

	дұрыс түсуге жаттықтыру. Мақал-мәтел: Бір тал кессең, он тал ек. Тыйым сөздер: Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға құраған ағашты пайдалану керек.			
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.			
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденіетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)			
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)			
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету			

Балалардың дербес әрекеті (бау қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Артығын тап» дидактикалық ойынын ойнату. (математика негіздері) Нан түрлерінің мүсінін жасату. (Мүсіндеу) Сырғанақ үстіне шананы жапсыруды үйрету (Жапсыру)	Балаларды қалауы бойынша (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) әрекеттерін өз бетінше орындауға жұмылдыру	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі жиназдарды жасауды үйрету (Құрастыру) Ермексазdan себеттер жасату. Көкөністердің суретін бояу. (Сурет салу) (Мүсіндеу)	Балаларды тандау бойынша орталықтарға бөлу ермексазdan асхана ыдысын жасату Анаға сйлайтын орамал тақырыбында оюларды фланелеграфта жапсырту (Мүсіндеу) (Жапсыру)	Балаларды қалауы бойынша (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) әрекеттерін өз бетінше орындауға жұмылдыру
Балалармен жеке жұмыс	Амина адамның пішінін (дене бөліктерін: бас, кеуде, қолдары, аяқтары) мүсіндеуге үйрету; -қайшыны дұрыс ұстауға және пайдалануға үйрету	Әлі заттар мен жануарлардың пішінін бейнелеп үйрету, -халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын игерту	Маржан бейнелеу өнерінің түрлері: көркем сурет, мүсіндеу, халық өнері туралы түсініктер беру	Раяна таныс емес музыкамен оның негізгі көңіл-күйін бере отырып, қимылдарды; әндерді, билерді сахналау	Медина төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелей алады
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Балаларға ойыншық көлік түрлерін алып еркін ойынауына мүмкіндік беру. Қ/о: Қоян мен қасқыр	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырғызу. (құрастыру) Қ/о: Тырналар- тырналар	Аулада тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Қ/о: Тышқандар мен мысық	Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. (музыка) Қ/о: «Допты дәлдеп лақтыр»	«Қорапта не бар жасырылған затты атап сипаттауына жағдай жасау. Қ/о «Поезд»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-				

гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)					
Балалардың дербес әрекеті	Достары жайлы сұрау	Тілдік жаттығу жасату	Қыс мезгілі жайлы сұрау	Жұмбақ жасыру	Жаңылтпаш үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: Күн тәртібін сақтау	Ата-аналарға кеңес: "тұмауды" алдын алу шаралары	Баланың тәртібі жайлы әңгіме	Әдептілік сөздерді үйренуін ескерту. Жылы сөздер "Сіз", "Біз" деген жылы сөз Жылытады жүректі. "Сіз", "Біз" деген жылы сөз Жақсылықтың мейірі. Бір-біріне болып кез, Кең болсын адам пейілі! (Ә.Тұрманжанов)	Бүгінгі күннің жетістігі туралы әңгімелесу.

«Тексерілді»

15 «Әлия» бөбекжайы

МКҚК-ны әдіскері:

У.Г. Нурмухаммедова

«09» 02 2024